bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718***
2020

**БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП**

# Асар жасау

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 18.02.2020 | https://bilimger.kz/68680/ |

---

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:**<br>**6-бөлім: «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті»** | | **Мектеп: Ғ.Мүсірепов атындағы №53 ЖОМ КММ** | |
| **Күні: 17.02.2020** | | **Мұғалімнің аты-жөні: Құдайбергенова Ұлжан Салхынбековна** | |
| **Сынып: 2 б** | | **Қатысқандар:**<br>**Қатыспағандар саны:** | |
| **Сабақ тақырыбы** | **Асар жасау** | | |
| **Оқу мақсаттары** | 2.1.1.1 тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру<br>2.2.2.1 синоним, антоним, омоним (сөздік қолдану) сөздерді ажырату және мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану | | |
| **Сабақ мақсаттары** | Мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді<br>синоним, антоним, омоним (сөздік қолдану) сөздерді ажырату және мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану | | |
| **Бағалау критерийлері** | · Мәтін мазмұны бойынша сұрақ құрастырады;<br>· Сөз таптарын ажыратады; | | |
| **Тілдік мақсаттар** | синоним, антоним, омоним (сөздік қолдану) сөздерді ажырату және мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану | | |
| **Құндылықтарды дарыту** | · сыйластық<br>· еңбек пен шығармашылық<br>· жауапкершілік,<br>жалпы азаматтық құндылықтар | | |
| **Пәнаралық байланыстар** | Әдебиет, математика | | |
| **Алдыңғы меңгерілген білім** | Аңыздар мен ертегі түрлері туралы біледі. | | |
| **Сабақ барысы** | | | |
| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақта жоспарланған іс-әрекет** | | **Ресурстар** |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

<table>
<tr>
<td>5 мин<br><br>2мин</td>
<td>Ұйымдастыру кезеңі.<br>(Ұ) Оқушылармен амандасу,түгелдеу,оқу құралдарын тексеру.Сыныптың тазалығына көңіл бөлу. Оқушылардың зейінін сабаққа аудару, тақырыбы мен мақсатын айтып, топқа бөлу.<br>Психологиялық дайындық орындау.<br>Жарқырап күн де ашылды,<br>Айналаға нұр шашылды.<br>Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз,<br>Қайырлы күн! Сәлемдесіп аламыз.<br>Мақсатымыз — білім алу,<br>Міндетіміз — еңбектену<br>Еңбектену арқылы<br>Білімге  қолды жеткізу!<br>(Ұ) Қызығушылықты ояту. «Кім тапқыр?»<br>Сабақтың тақырыбы мен мақсатын таныстыру.<br>Бағалау критерийін  анықтау</td>
<td>слайд</td>
</tr>
<tr>
<td>5 мин<br><br>8 мин<br><br>10 мин<br><br>7 мин</td>
<td>(Ұ,Т)  «Блиц турнир»<br>Мақсаты: Оқушылардың қызығушылығын арттыру, өткен білімдерін қайта жаңғырту.<br>Топтарға бөліну. Қажет сөздерін анықтау. Сөз таптарын қайталап еске түсіру.<br>Ұ, Т) (Т) Мәтінмен жұмыс.<br>«Асар» деген не?<br>Мақсаты:  Салт дәстүрмен таныстыру. Мәтіннің мазмұнын түсіну.<br><br>«Асар жасау» — қазақ халқының көне салт-дәстүрлерінің бірі. Бұл – көпшіліктің көмегін пайдалану дәстүрі. Бұл салт бойынша <u>ауыр</u> жұмыстарды атқару үшін адамдар бір-бірін көмекке шақырады. Мысалы: үй салу, той жасау, ас беру т.б. Асарға келгендер еңбегі үшін ақы алмайды. Үй иесі оларға арнап ас әзірлеп, дастархан жаяды.<br>Асар – адамдардың арасындағы өзара көмектің бір түрі. Ол халқымыздың  бірлігін, қайырымдылығы мен ұйымшылдығын танытады.<br>Мәтінмен жұмыс<br>ü  Әр жұп бір біріне сұрақ дайындайды, сұрақтарға жауап береді.<br>Әр жұп кезекпен өз сұрақтарын қояды және жауап береді.<br>Бағалау критерийлері арқылы келесі  жұп бағалайды.<br>
<table>
<tr><td>Оқушының аты</td><td>Сұрақ дұрыс қойылды</td><td>Сұраққа толық жауап берді</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
<br>ü  Қатармен топтарға бөлініп, тақырып бойынша қойылым көрсетуге дайындалады.<br>I.	«Үй салуға асар жасау»<br>II.	«Көкөністерді егуге асар жасау»<br>III.	«Той жасауға асар жасау»<br>IV.	«Үй ішін және маңайды тазалауға асар жасау»<br>Әр қатар қойылым көрсетеді<br>Қол шапалақтау арқылы бағалау.<br>Жазылым<br>2. Берілген сөздерге антоним, омоним, синоним сөздерді тауып жазу.<br>Ø  Антоним сөздерді тауып жаз: жаман, ауыр, қараңғы;<br>Ø  Синоним сөздерді тауып жаз: көркем, көне, асар жасау<br>Ø  Омоним сөздерді тауып жаз: жаз, қара, ай.<br>Төрт оқушыға оқыту, толықтыру<br>(ҰЖ) Сыртқы ішкі шеңбер<br>Мақсаты: оқушылар сабақ мазмұнын сұрақтар қою арқылы қорытындылайды.</td>
<td>Қима қағаздар<br><br>Сиқырлы қорапша<br><br>Суреттер<br><br>А4 форматындағы қағаздар</td>
</tr>
<tr>
<td>Соңы<br>3 мин</td>
<td>Сабақты қорытындылау<br>Рефлексия<br>«Жетістік баспалдағы» арқылы өзін бағалау</td>
<td>«Жетістік баспалдағы»</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr><td colspan="3">Қосымша мәліметтер</td></tr>
<tr><td>Дифференциациялау  — оқушыларға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалайша түрделендіресіз?</td><td>Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалайша жоспарлайсыз?</td><td>Жоспардағы тақырыпты қиыстырыңыз. Денсаулық пен қауіпсіздікті тексеру, АКТ-ны байланыстыру.</td></tr>
</table>

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

| | | |
|---|---|---|
| Сұрақ-жауап | Өлшемдер бойынша | Сыйластық |

| | |
|---|---|
| **Рефлексия**<br>Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері анық па?<br>Бүгін оқушылар не үйренді?<br>Сабақ қалай өтті, қандай деңгейде өтті?Дифференциялау жоспарым жүзеге асты ма? (тапсырмалары сәйкес болды ма?)<br>Уақыт дәлдігі қалай болды?<br>Жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім? | Өз сабағыңызды талдау үшін осы бос орынды пайдаланыңыз. Сол жақта берілген сұрақтарға жауап беріңіз? |

**Қорытынды баға**

Қандай екі әдіс өте сәтті болды (оқыту мен үйрену)?

1:

2:

Қандай екі әдіс-тәсіл толықтырылуы тиіс (оқыту мен үйрену)?

1:

2:

**Келесі сабағымда ескеретіндей сынып және жеке оқушы жайында қандай мәлімет алдым?**

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.